

2012 жылға субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін анықтау туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 тамыздағы № 652 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 7 қыркүйекте № 3828 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылдың 10 маусымына дейін субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдері анықталсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2012 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері анықталсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Ф. Аракелянға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

А. Ахметжанов

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2

т а м ы з д а ғ ы

№ 652 қаулысына қосымша

2012 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері
1	Жазғы бидай	15 мамырдан 5 маусымға дейін
2	Күздік бидай	15 тамыздан 1 қыркүйекке дейін

3	Күздік қара бидай	15 мамырдан қыркүйекке дейін	1
4	Сұлы	15 мамырдан дейін	5 маусымға
5	Арпа	15 мамырдан дейін	5 маусымға
6	Тары	15 мамырдан дейін	5 маусымға
7	Қарақұмық	15 мамырдан дейін	5 маусымға
8	Бұршақтұқымдас	15 мамырдан дейін	5 маусымға
9	Майлы дақылдар	18 мамырдан дейін	30 мамырға
10	Картоп	10 мамырдан дейін	31 мамырға
11	Көкөніс - бақша дақылдары	25 сәуірден дейін	10 маусымға
12	Жемшөптік, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	30 сәуірден 15 шілдеге дейін бірінші мерзім 20 сәуірден 31 мамырға дейін, екінші мерзім 5 шілдеден 1 тамызға дейін	
13	Шабындық жерлерді шалғындандыру үшін егілген көпжылдық шөптер	бірінші мерзім 20 сәуірден 31 мамырға дейін, екінші мерзім 5 шілдеден 1 тамызға дейін	
14	Жүгері және сүрлемдік күнбағыс	15 мамырдан дейін	31 мамырға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК